



ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ДАМУ ОУАЛЫҒЫ
ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ
WORKFORCE DEVELOPMENT CENTRE

ӘЛЕМДІК ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ БОЛЖАМ
(БҰҰ, 2017 жылғы өңдеу)

БҰҰ экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департамент хатшылығының 1951 жылдан жүзеге асырылып келе жатқан, халықтарды зерттеу бөлімінің, халықтың санын бағалау мен болжамдаудың 25-кезеңі шеңберінде, ағымдағы сәтте (2017 ортасында) әлемдегі халық саны 7 млрд 550 млн адамды құрады және соңғы он екі жылда 1 млрд адамға артқандығын көрсетіп отыр. Әлем халқының 60%-дан астам бөлігі Азияда (4,5 млрд), 17%-ы Африкада (1,3 млрд.), 10%-ы Еуропада (742 млн.), 9%-ы Оңтүстік Америкада (646 млн.) және 6%-ы Солтүстік Америкада (361 млн.) және Мұхит аралдарында (41 млн.) өмір сүруде. Қытай 1,4 млрд халық санымен және Үндістан (1,3 млрд.) әлемдегі халық саны үлесі жөнінен 19% және сәйкесінше 18%-ы иеленетін екі ірі көшбасшы мемлекет болып отыр.



Жалпы әлемдік шеңберде ерлер мен әйелдердің саны шамамен бірдей – 2017 жылы 102 еркекке 100 әйелден тең келген. Осы орайда мың адамдық топта әлемде орташа 504 әйел мен 496 ер болады. 15

жасқа дейінгі балалар әлем халқының төрттен бірін (26%), осы ретте 60 жастағылар бойынша әлем халқының саны және одан жоғарылары - шамамен сегізден бірін (13%) құрайды. Сәйкесінше, әлем халқының жартысынан көбі 15-тен 59 жасқа дейінгі жастағы ересектерге сәйкес келеді (61%). Егер де әлем халқын жасы бойынша жіктейтін болсақ, онда жартысы 30 жастан төмен, ал қалған жартысы – 30-дан жоғары жастағыларға келеді.

Әлем халқының болжалды өсімі

Бүгінде әлем халқының саны, аз қарқынмен болса да, бұрынғыға қарағанда арта түсуде. Он жыл бұрын Жердегі халықтың орташа санына жыл сайын 1,24% қосылып отырды. Алайда бүгінде өсу қарқыны 1,1% дейін қысқарды, ол жыл сайын 83 млн адамға артып отыр дегенді аңғартады. Алдағы он үш жылда халық саны 1 миллиардқа дейін арту ықтималдығы деп күтілуде, онда ол 2030 жылы 8,6 млрд және келешекте 2030 жылы 9,8 млрд-қа, ал 2050 жылы 11,2 млрд-қа артуы мүмкін дегенді білідреді.


2050 жылғы өсу қарыны артатын аймақ ретінде Африка болжанып отыр. Оның үлесіне 2,2 млрд адамға дейін, яғни 1,3 млрд артады деп күтілуде. Азия осы ретте өсу қарқыны жөнінен екінші орындағы құрлық болса, мұнда 2050 жылға қарай халық саны 750 млн адамға артады деп болжануда. Еуропаның халық саны 2050 жылға қарай 2017 жылмен салыстырғанда 26-27 миллионға қысқарады деп болжануда.

XXI ғасырдың соңындағы халық санының арту үдерісіне қарамастан, оның қарқыны тұрақты түрде төмендеуде. Өткен жылдары, мысалға, Африканың халық саны өзге аймақтарға қарағанда ең тез қарқынды болып есептелінеді, мұнда оның үлесіне жыл сайын 2015-2015 жылдары 2,6% келіп отырған. Оған қарамастан, аталған деректер құлдырап, 2045-2050 жылдары 1,8%, ал 2095-2100 жылдары 0,66% дейін жетуі мүмкін.

Африканың үдемелі өсімі, тіпті жақын арадағы ұрықтылық деңгейінің қысқаруына қарамастан болжануда. Болжамның орталық нұсқасы, Африкадағы ұрықтылық деңгейі 2010-2015 жылдары әйелдер үшін 4,7-ға, 2045-2050 жылдары 3,1%-ға, ал 2025-2030 жылдары шамамен 2,1%-ға қысқарады. 2050 жылдан кейін, Африка халық саны мейлінше артқан бірден-бір аймақ болып қалуы мүмкін. Нәтижесінде Африкада әлемдегі халық санының үлесі, қазіргі уақытта 17%-ға бағаланатын, 2050 жылы 26%-ға, ал 2100 жылы 40%-ға сәйкес келуі ықтимал. Осы кезеңде Азияда тұратын халық саны үлесі бүгінде 60% бағаланса, ол 2050 жылы 54%-ға, және 2100 жылы 43%-ға қысқарады. Атап өтерлігі Африка халқының саны алдағы онжылдықта артады, тіпті егер бір әйелге туу көлемі ұзақмерзімдік кезеңдегі халық санын тұрақтандыру үшін қажетті деңгейінен төмен болуы мүмкін.

Мұның себебі халықтың ағымдағы жастық құрылымына алып келіп отыр: сондықтан, Африканың халық санының көп бөлігі қазіргі уақытта 15 жастан төмен болса, алдағы жылдары әйелдердің бала көтеру жасы қарқынды түрде артуы мүмкін, ол отбасындағы балалар санына қарамастан, туу көрсеткішінің жандануына алып келеді деп күтілуде. Кез-келген дайындалған сценарий бойынша Африка Жердің халық санының жалпы қарқынында орталық рөлді атқаратын болады.

Аймақтар бойынша іс жүзіндегі және күтілетін халық саны



Халықтың өсімі әсіресе, БҰҰ сыныптамасы бойынша ең аз дамыған елдер арасында – яғни, 47 мемлекеттер тобында жоғары көрсеткіште болуы мүмкін, бұл ретізімге Африкада 33 мемлекет сәйкес келіп отыр. Өсу қарқынының ағымдағыдан 2,4%-ға төмендейтін болса, нәтижесінде аталған топтағы елдердің халық саны, күтім бойынша 2017 жылы 1 млрд адамнан, 2050 жылы 1,9 млрд адамға дейін 2100 жылы 3,2 млрд адамға дейін артуы мүмкін. 2017 мен 2100 жылдар аралығында, ең төмен дамыған 33 мемлекеттің халқы, үш еселену ықтималдығының жоғары деңгейін құрап отыр. Олардың ішінде Ангола, Бурунди, Нигер, Сомали, Танзания және Замбия секілді елдер бар, бұлар жылмен салыстырғанда бес есе арту мүмкіндігі бар жоғары өсу деңгейін құрап отыр. Кедей елдердің халық санының артуы концентрациясы аталған мемлекеттің билігіне, кедейшілікпен, аштықпен және ашаршылықпен, теңсіздіктің қысқаруымен, сонымен

қатар, білім беру және денсаулық сақтау жүйесін кеңейту, базалық қызметтерге қолжетімділікпен күресті қиындата түседі.

Аталған елдермен қатар күрт артуы 2050 жылы халық саны қазіргімен салыстырғанда қысқаруы күтілетін, 51 мемлекет тұр. Болжам бойынша, 15% дейін халық саны қысқарауы тиіс елдер қатарында Болгария, Хорватия, Латвия, Литва, Польша, Молдавия, Румыния, Сербия, Украина және Виргиния аралдары бар. Барлық еуропалық елдердегі туу қазіргі уақытта халық санының күтілетін деңгейінен түсіп кетті (2,1 әйелдер үшін) және алдағы онжылдықта осы күйінде қалады деп топшылануда. Еуропадағы ұрықтылық деңгейі 2045-2050 жылдарға қарай, 2010-2015 жылдардағы 1,6-дан 1,8-ге арады, алайда оның өсімі халық санның анағұрлым қысқаруына алып келмейтінін көрсетіп отыр.

2050 жылға дейінгі халық санының басым бөлігі ұрықтылық деңгейі салыстырмалы жоғары елдерге (Африкада басым) немесе халық саны көп елдерге тиесілі болып келеді. 2050 жылға дейін халық саны көлемінің артуы тоғыз мемлекетте болжанып отыр: Үндістан, Нигерия, Конго демократиялық республикасы, Пәкістан, Эфиопия, Танзания, АҚШ, Уганда және Индонезия (жалпы өсімін тәртібінде).

Жаңа божамдар ерекше белгілеуге тиісті кейбір нәрселерді құрайды. Сонымен, есептеулерге сүйенсек, алдағы жеті жылда Үндістанның халық саны Қытайдағыдан асып жығылады. Қазіргі таңда Қытайда шамамен, Үндістандағы 1,34 млрд адаммен салыстырғанда, 1,4 млрд адам тұрып жатыр. 2024 жылы екі елде де 1,44 млрд адам болады деп есептелініп отыр. Бұдан кейін, Үндістанның халық саны бірнеше онжылдық бойы артып 2030 жылға қарай 1,5 млрд-қа жетіп, ал 2050 жылы 1,66 млрд адамға дейін жетуі мүмкін, осы кезеңде Қытай халқының саны 2030 жылға дейін тұрақты болып қала береді, бұдан кейін оның саны біртіндеп қысқаратындығы күтілуде.

Әлемдегі халық саны жөнінен ең ірі он мемлекеттің бірі Африкада (Нигерия), бесеуі Азияда (Бангладеш, Қытай, Үндістан, Индонезия және Пәкістан), екеуі Латын Америкасында (Бразилия және Мексика) және біреуі Еуропада (Ресей). Бұл мемлекеттердің арасында қазіргі уақытта жетінші орында тұрған, Нигерияның саны, анағұрлым артуда. Бұл ретте, аталған елдің халық саны 2050 жылға дейін АҚШ-тан асып жығылады деп болжанса, оның салдарынан Нигерия әлемдегі халық саны жөнінен үшінші орынға табан тірейтіні анық. 2050 жылға қарай халық санын жөнінен ең ірі алты мемлекетте 300 млн-ға артады. Оларға (Үндістан, Қытай, Нигерия, Пәкістан және АҚШ қатысты болады (әліпби бойынша).

Көрсетіліп отырған болжамдар туу көрсеткішінің ауқымды түрде деңгейінің төмендеу салдарын көрсетіп отыр. Осыған сәйкес, әлемдік туу көрсеткіші әйелдерге 2010-2015 жылдары 2,5-тен 2025-2030 жылдары 2,4-ке және 2095-2100 жылдары 2,0 төмендейді.

Туу көрсеткішінің күрт құлдырауы ең аз дамыған елдер тобында кездеседі, олар бүгінгі таңда салыстырмалы түрде 2010-2015 жылдары бір әйелге 4,3 көлемінде бағаланып отыр. Бұл көрсеткіш 2025-2030 жылдары 3,5-тен 2095-2100 жылдары 2,1 қысқарады деп күтілуде. Сонымен қатар, жоғары туу көрсеткіші бар елдер үшін, 2030 жылға қарай, он бесжылдық кеңістікте келешектегі трендтерді болжамждауда анықталмағандық белгілер көрсетіліп және 2010 жылы да үлкен айырымды құрап отыр. Жалпы туу көрсеткіші бұрын болжанғаннан, аз төмендеп отыр, бұл барлық болжамдық кезеңдегі халық санының ауқымды өсуіне алып келуі мүмкін. Көп көлемдегі туудың қысқаруы үшін, репродуктивті денсаулықты қолдау бойынша, отбасын жоспарлау институты, көбінесе дамыған елдерде барлық ауқымды қолдауларға ие болып келеді.

Өткен онжылдықта көптеген елдер бір әйелге туу көлемі есебі орташа саны ауқымды түрде қысқарған. Сол кезеңде 1975-1980 жылдары әлем халқының төрттен бірі, бір әйелге 5 туу көрсеткішінен келетін елдерге, 2010-2015 жылдары әлем халқының 8%-ы осындай елдерге тиесілі болды. Жоғары туу көрсеткіші ең жоғары 22 елдің 20-сы Африкада және 2-уі Азияда болды. Олардың ішіндегі ең ірісі – Нигерия, Конга, Танзания, Уганда және Ауғанстан болды. 2045-2050 жылдары бес баладан жоғары туу көрсеткіші бар елдер болмайды деп топшылануда.

2010-2015 жылдары әлем халқының 46%-ы 2,1 мен 5 туу көрсеткіші арасындағы тербелістегі шекті туу көрсеткіші бар елдерде тиесілі болды. Мұндай мемлекеттер барлық аймақтарда кездеседі, ал олардың ірілеріне Үндістан, Индонезия, Пәкістан, Бангладеш, Мексика және Филиппины жатады. 2045-2050 жылдары мұндай көрсеткіштегі елдерде әлем халқының үштен бір бөлігінен аз халық тұратын болады деп күтілуде. Осы кезеде халық саны басым елдер туу көрсеткіші төмен елдерде тұратын болады, мұнда бір әйелге оның барлық өміріне орташа 2,1 туу көрсеткішіне сәйкес келеді.

Атап өтерлік жайт, 2010-2015 жылдары халықтың 46%-ы, ағымдағы деңгейде халық санын қолдау үшін, туу деңгейі төмен елдерде тұрып келді. Төменгі ұрықтылық деңгейі бар елдерге барлық Еуропа және Солтүстік Америка және Азиядағы 19 мемлекет, Латын Америкасындағы 15 ел, Мұхит аралдарының 3 мемлекеті және Африкадағы 2 ел жатады. Олардың ірілеріне Қытай, АҚШ, Бразилия, Ресей, Жапония және Вьетнам (халық санының төмендеу тәртібінде) жатады. 2045-2050 жылдары әлем халқының 69%-ы туу деңгейі төмен елдерде тұратын болады.

Сонымен қатар, төменгі туу деңгейі бар елдерде, бір әйелге оның барлық ғұмырында, кейбір елдерде ерте бала көтеру мен туудың (15-19 жас аралығында) жоғары деңгейі байқалып отыр. Аталған құбылыс көптеген елдердің назарында қалуын жалғастырып отыр, себебі

бұрынғы жылдары денсаулыққа да, жас аналарды әлеуметтік жағдайына, балаларға кереғар әсерін тигізіп отыр. 2010-2015 жылдары шеңберінде әлемде жоғары туу деңгейі бар елдер қатарында Африка да белгіленіп отыр, мұнда ол 15-дан 19-ға дейінгі мың әйелге 99 туу көрсеткіші сәйкес келіп отыр, сондай-ақ Латын Америкасында 67 туу көрсеткішіне сәйкес келіп отыр. Осыған орай жалпы ерте тууға қатысты ара-қатынас Латын Америкасында байқалса, мұнда аналардың 15-19 жас аралығында жалпы тууы 16%-ын құрайды.

Өңделген деректердегі нақты болжамда, белгіленіп отырғандай, соңғы жылдары туу кезіндегі өмір ұзақтығының күтілетін өсімінде ауқымды орынды иеленіп отыр. Әлемдік кеңістікте 2000-2005 жылдарыдан 2010-2015 жылдарға дейін бұл көрсеткіш 3,6 жылға артты, немесе 67,2 ден 70,8 жасқа көбейді.

Өмір ұзақтығы барлық жер жаһанда арта түсті, алайда ең күрт өсім Африкада байқалады, мұнда осы кезеңде онжылдықтың 2 өткен жылымен салыстырғанда 6,6 құрап отыр. 2010-2015 жылдары Африкадағы өмір ұзақтығы 60,2 жасты құраса, Азиядағымен 71,8 салыстырғанда, Латын Америкасында 74,6, Еуропада – 77,2, Мұхи аралдарында - 77,9, және Солтүстік америкада - 79,2 құрады.

Бес жасқа дейінгі сәби мен бала өлімі - даму мен әл-ахуалдың маңызды индикаторы болып табылады. Тұрақты Даму 2030 Күн тәртібінде (*The 2030 Agenda for Sustainable Development, ASD*) бес жасқа дейінгі балар мен сәби өлімін 2030 жылға дейін мың адамға шаққанда 25-ке дейін қысқарту көзделіп отыр. Бүгінгі таңда бала мен сәби өлімі, 2000-2005 жылдардағы мың адамға шаққанда 70 адамнан 2010-2015 жылдары 48 адамға қысқарғаны. Абсолютті сипатта бұл көрсеткіш Сахараның оңтүстігіндегі (мың адамға шаққанда 141 ден 95-ке тең болды) Африкаға және ең аз дамыған елдер тобына тән болып келеді (мың адамға шаққанда 123-тен 83 адамға).

Әлемдік кеңістікте, 2010-2015 жылдар аралығында 71-ден 2045-2050 жылдарға дейін 77-ге арттыру болжанып отыр. Ең жоғары өсім көрсеткіші Африкада - 11 жасқа бағаланып отыр, нәтижесінде отыз жылдан кейін өмір сүру ұзақтығы мұнда 71-ге жуықтады. Аталған құбылыс АҚТҚ мен ЖҚТБ-мен науқастанғандар санының құлдырауы салдарынан, сонымен қатар, өзге де инфекциялар мен аурулармен күрес шараларының ұтымдылығымен бағаланып отыр. Азияда, Еуропадағы және Латын Америкасындағы, өз кезегінде, 6-дан 7-ге дейінгі өмір және Солтүстік Америка мен Мұхит Аралдары- 4-тен 5-ке дейінгі жасты қосып отыр.

Медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігінің артуына орай, сонымен қатар, жаңа, бұрын мүмкін болмаған АҚТҚ/ЖҚТБ әсер ететін өлім-жітім деректері есебінде, болжамның ағымдағы нұсқасында ауқымды түрде қысқарған, бұл аталған індет бұрын орын

алған кейбір елдерде халық санының өсуінің жылдамдығын бағалауын арттырудың себебі болып табылып отыр.

Көші-қон

ASD мойындап отырғандай, халықаралық көші-қон, көшу мен келу аймақтары арасындағы еңбек нарығын қайта теңдестірудің өзіндік механизмдері ретінде табылып, осы ретте еңбектің ғаламдық ұзақтығын көтеріп, экономикалық және әлеуметтік дамуға өзіндік әсерін тигізуі мүмкін. Көші-қон сонымен қатар, көшіп кеткен отбасылар мен қауымдастықтардан келіп түсетін, ақша аударымдары жіберілетін, мейлінше өмір сүру стандарттары жоғары елдердің салдарынан және инвестицияның жылжуына көмегін тигізуі мүмкін, сонымен қатар, жаңа идеялар мен технологиялардың таралуына септігін тигізуі ықтимал. Демографиялық көзқарастар тұрғысынан, көші-қон көптеген елдердегі және әлем аймақтарындағы туу мен өлім-жітіммен салыстырғандағы халық санына әсерін мейлінше аз тигізеді. Бұдан бөлек, кейбір жағдайларда халық санының өзгерісіне көші-қон ағымының әсері негізінен, келетін немесе көшетін мигранттардың саны, елдер мен аймақтарда, босқындарды қос алғанда, көші-қон елдеріндегі халық санымен салыстырғанда анағұрлым айырмашылықта болады.

Көші-қонды бағалау аталған болжамда әлем аймағының немесе белгілі бір елдердегі иммигранттар мен эмигранттар саны арасындағы ауқымды айырмашылықты көрсететін, көші-қон сальдосына тиесілі болып келеді.

Жалпы атап өтерлік жайт, 1950 және 2015 жылдар арасында Еуропа, Солтүстік Америка және Мұхит аралдары көшпелілерді қабылдаушы болып табылып, сол кезеңде қалған аймақтар - тұрақты өспелі, таза дереккөздері болып қалып отыр. Халықаралық мигранттардың жалпы саны 2010 жылға дейін тұрақты өсіп отырды. Онжылдықта ғасырдың басында Еуропаға, Солтүстік Америкаға және Мұхит аралдарына ғана таза көшу ағыны жыл сайын 3,1 млн адамға дейін байқалған. Алайда 2010 жылдан 2015 жыл аралығында аталған көрсеткіштердің кейбір төмендеулері, әсіресе Еуропада байқалса, сол кезеңде Азиядан және Латын Америкасынан осыған ұқсас эмигранттардың ағынының қысқаруы көрініс тапты.

Азиядан, Африкадан және Латын Америкасынан Еуропаға, Солтүстік Америкаға және Мұхит аралдарына адамдардың қозғалысы жарты ғасыр бойы әлемдік көші-қон бұл аймақтарда маңызды орынды иеленіп келеді. Бұдан өзге, аймақтар ішіндегі өзара көші-қон, анағұрлым маңызды болып келеді. Жоғары және орташа табыс деңгейі бар Африкадағы, Азиядағы, немесе Латын Америкасындағы кейбір мемлекеттер, сонымен қатар, бірнеше жылдар бойы мигранттардың ауқымды көлемін тартады.

Мемлекеттер арасындағы түрлі салмақты әрі тұрақты экономикалық және деморафиялық жағдайлар - күллі әлемдегі миграцияның негізгі жетекші себептерінің бірі болып табылады. 2015 пен 2050 жылдар аралығындағы халықаралық мигранттарды қабылдаушы мемлекеттер ретінде (жылына 100 мыңна астам) АҚШ, Германия, Канада, Ұлыбритания, Австралия және Ресей табылып отыр. Негізгі ағын (жыл сайын 100 мың адамнан жоғары) Үндістанда, Бангладеште, Қытайда, Пәкістанда және Индонезияда байқалған.

Халықтың жас ерекшелігі

Көптеген аймақтардағы тұрғындар, салыстырмалы түрде жас болып табылады. Африкада, мысалға, 15 жасқа дейінгі балалардың үлесі халықтың санынан 41%-ды құрайды, 15 пен 24 жас арасындағы жастар саны - халықтың 19%-ын құрайды. Латын Америкасында және Азияда, туу көрсеткіші төмендігіне қарамастан, 15 жасқа дейінгі балалар саны үлесі мейлінше төмен (25% және 24% сәйкесінше), алайда жастардың жалпы үлесі 17% және 16% сәйкес келіп отыр. Жалпы ұзын саны бұл үш аймақта 2017 жылы 1,8 млрд балаға тең болып және бұл мекен 1,1 млрд жастардың үйі ретінде есептеледі. Бұл буынның денсаулық сақтау жүйесімен, білім берумен қамтамасыз етілуі, сонымен қатар жұмыспен қамту мүмкіндіктерімен, кедей мемлекеттермен және ASD толыққанды жүзеге асыруда сыни рөлді иеленіп отыр.

Бұл аймақтағы балалардың санының үлесі алдағы жылдары қысқарады деп болжануда, осы кезеңде, жұмысқа қабілетті халық саны мен үлесі айтарлықтай өскен.

Жоғары салыстырмалы жұмысқа жарамды халық санының тәуелді (еңбекке жарамды жасынан кіші немесе үлкен) ара-қатынастағындағы елдер «демографиялық дивидент» аталатын, еңбекке жарамды халық санының жұмыс күшінің өнімділік деңгейі есебінен мүмкіндік алады. Аталған жағдайдағы оларды пайдаланудың ұтымдылығы білім беру мен денсаулық сақтау есебінен халықтың оңтүстік бөлігіндегі адам капиталының инвестицияларының тиімділігін талап етеді. Африкада 25 пен 59 жас аралығындағы халықтың үлесі, күтіп отырғанымыздай, онжылдық төңірегінде, 2017 жылы 35%-дан 2090 жылы 45%-ға дейін артады деп болжануда. Латын Америкасында аталған дивиденттердің деректерін пайдалану кезеңінде бірнешеуі қарастырылған; халықтың еңбекке жарамды жастағы үлес салмағының ең биік көрсеткіші 2030 жылы көрініс табуы мүмкін. Азияда аталған ұқсас көрсеткіштің болуы 2020 жылдан сәл ертерек қарастырылған.

Халықтың қартаюы

Туудың құлдырауы мен өмір сүру ұзақтығының күтілетін өсім салдарынан халықтың белгілі бір жастан көп өмір сүру үлесі артып келеді. Бұл барша әлемге таныс болып келетін, халықтың қартаюы деп аталатын ерекшелік болып табылады. 2017 жылы бағалау бойынша, әлемде 60 жастан жоғары жастағы 962 миллион адам өмір сүруде, ол барлық халықтың 13%-ын құрап отыр. Бұл адамдардың саны жылына шамамен 3% артады деген сөз. Қазіргі таңда мұндай халықтың максималды үлес саны Еуропада кездесіп отыр (25%). Үдемелі қартаю сонымен қатар, Африкадан басқа, әлемнің барлық түкпірінде кездесіп отыр. Күтіліп отырандай, 2050 жылға қарай, олардың үлесі 60 жастан жоғары адамдар саны 25% құрайды. Егде жастағы адамдар саны әлемде 2030 жылға қарай 1,4 млрд көрсеткішті құраса, 2050 жылы – 2,1 млрд болады деп көзделуде. 2100 жылға қарай олардың саны 3,1 млрд-қа дейін артуы мүмкін.

Соңғы жылдары олардың өсу саны алдыңғы жылғы туылғандардан, халықтың санының аздығына қатысты іс жүзінде мүмкін болмады.

Халықтың қартаюы, күтіліп отырғандай, зейнет жасындағы халыққа жұмыс жасайтын халық санымен анықталатын, қолдау деңгейіне қомақты әсерін тигізеді. Алайда жұмыс жасайтын зейнет жасындағы адамдарды анықтау мейлінше күрделі болып отыр, аталған жағдайда пайдалы болып, өзінің жас ерекшелігін қатысты жұмыс жасау ықтималдығы бар адамдар санына сонымен қатар, өзінің жасында жұмыс жасау ықтималдығы бар зейнеткерлер ара-қатынасын анықтау пайдалы болып табылуы мүмкін. Осы орайда, әлеуетті қолдау деңгейі 65-тен жоғары халыққа 20-дан 64 жас аралығындағы адамдар санына ара-қатынасы есептелуі мүмкін. 2017 жылы Африкада әрбір 64-тен жоғары адамға 20-дан 64 аралығындағы жаста 12,9 адам сәйкес келіп отыр. Азияда бұл ара-қатынас 7,4 құрайды, Латын Америкасында – 7,3, Мұхит аралдарында - 4,6 тең. Солтүстік Америкада аталған ара-қатынас 3,8 жақын келсе, ал Еуропада – 3,3 тең болып отыр. Қазіргі таңда ең төменгі көрсеткіш Жапонияда, мұнда оның мәні 2,1 құрап отыр. 3-тен 1-ге сәйкес келетін көрсеткіштер 9 еуропалық елдерде көрініс тапқан.

2050 жылға қарай Азияның 7 мемлекеті, Еуропаның 24 елі және Латын Америкасының 5 мемлекеті қолдау деңгейінің мәні 2 төмен болып келген. Мұндай төменгі мәндер алдағы онжылдықта денсаулық сақтау жүйесі, зейнетақы айналымы және қартайып жатқан халықтың өспелі категориясының әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге тұспа-тұс келетін бірқатар елдер, саяси әрі салықтық қысымдағы көрсеткіштерді көрсетіп отыр.

Болжаудың маңызды кезеңдері - 2017

1. Өңделген болжамдарға сәйкес, әлем халқының саны, 2017 жылдың ортасында 7,6 млрд адамды құрап отыр. Халық саны 2005 жылдан бастап, 1 млрд-қа, ал 1993 жылмен есептегенде 2 млрд-қа артқан. 2017 жылы бағалау бойынша, ерлердің үлес салмағы әлем халқының 50,4%-ын құраса, әйелдер - 49,6% құрайды. Бұдан өзге әлем халқының 9%-ы 5 жасқа дейінгілер, 26%-ы 15-тен кіші, 13%-ы 60-тан жоғары және 2%-ы 80-нен жоғарылары болып келеді.
2. Ағымдағы бағалаулар көрсетіп отырғандай, жыл сайын ғаламшарға 83 млн адам келіп қосылады. Тіпті туу деңгейі қысқарған күннің өзінде, әлем халқының саны 2030 жылға қарай 8,6 млрд, 2050 жылға қарай 9,8 млрд, және 2100 жылы - 11,2 млрд құрап отыр.
3. Халық санының іс жүзіндегі артуы 2050 жылға дейін күтілуде, тіпті туу көрсеткішінің үдерісі құлдырау жағдайының өзінде бұл күтім көрсеткіштері күшінде қалып отыр. Пайдаланылып отырған үлгілер көрсетіп отырғандай, бұл 2030 жылға қарай 8,4 және 8,7 млрд адам арасында, 2050 жылы 9,4 және 10,2 млрд арасында, 2100 жылы 9,6 мен 13,2 млрд адам арасында болады деген болжамдар 95 % ықтималдықта болады деп күтілуде.
4. Жоғары дәрежедегі болашақтағы халық саны алдағы кезеңдегі туу көлемінің бағытына қатысты болатыны анық, себебі, бірнеше алдағы онжылдыққа таралатын, туу жиілігінің салыстырмалы өзгерісі, халықтың жалпы санының ауқымды түрде ауытқуы болатыны күтуде. Орталық болжау нұсқасында, туу көрсеткіші әлемде орташа 2010-2015 жылдары 2,5-тен 2050 жылға қарай, 2,2-ге және 2100 жылы 2,0-ге дейін құлдырайды. Егер осы деректерге бар болғаны 0,5 қосылатын болса, онда әлем халқы 2050 жылы 10,8 млрд-қа, және 2050 жылы 16,5 млрд адамға жетуі мүмкін. Егер де аталған көрсеткіштерден керісінше, 0,5 туу көрсеткішін алып тастайтын болсақ, онда халық саны орталық нұсқамен салыстырғанда ғасырдың ортасында 8,8 млрд адамға жетеді және 2100 жылы 7,3 млрд-қа дейін қықарады.
5. Келесі өсім тек туу, өлім-жітім және көші-қон секілді көрсеткіштердің әсерінен ғана емес, халықтың жастық құрылымының орналасуымен де қатысты болып келеді. Халық саны салыстырмалы түрде жастар үлесі басым елдерде, жалпы халық саны өсімінің үлесі, егде жастағы елдерге қарағанда, тез қарқын алады.
6. Соңғы жылдары туу деңгейі әлемнің барлық елдерінде құлдырауға ұшырады. Африкада, бұл кез-келген аймақтың ұқсас көрсеткіштерінен асып жығылды, онда туудың жалпы деңгейі

2000-2005 жылдары 5,1-ден 2010-2015 жылдары 4,7-ге қысқарды. Осы кезеңде Азияда бұл 2,4-тен 2,2-ге, Латын Америкасында - 2,5-тен 2,1-ге, Солтүстік Америкада – 2-ден 1,85-ке төмендеген. Еуропа аталған жағдайда ерекше – яғни, мұнда туу осы жылдары әйелдер үшін 1,4-тен 1,6-ға артқан. Мұхит аралдарында туу көрсеткіші ғасырдың басынан бастап, іс жүзінде өзгеріске ұшырамаған, ол бір әйелге 2,4 туу көрсеткішінде қалған.

7. Ең аз дамыған, 47 мемлекеттің басын біріктіретін, елдер, салыстырмалы туудың жоғары деңгейін (2010-2015 жылдары 1 әйелге 4,3 келіп отыр) және халықтың өсу қарқынын (2,4%) иеленіп отыр. Тіпті аталған өсу қарқыны, күтім бойынша, алдағы онжылдықта ауқымды түрде баяулайды, бұл мемлекеттердің жалпы саны, 1 миллиардтың төңірегіндегі адам саны, 2030 жылға қарай үш есеге артып, 2050 жылдары 1,9 млрд-қа дейін жетпек.
8. Туу деңгейінің төмендеуі нәтижесінде тек халықтың өсу қарқынының құлдырауына алып келіп қоймай, қартаюға да ұшыратады; әлем халқы және кейбір елдер мен аймақтардағы адам саны олардың үлесіндегі жастардың азаюы мен егде жастағы адамдардың көбеюінен туындайтын үдеріс. 2017 жылы 5 жасқа дейінгі халық саны 60 жастан жоғары адамдар санынан екі есеге асып жығылады. 2050 жылы күтім бойынша, олар саны жөнінен және әрбір топта, 2,1 млрд адамға тең болып бір-бірімен теңеседі.
9. Еуропада бүгінгі таңда қазірдің өзінде халықтың 25%-ы 60-тан жоғары жастағы адамдар, және бұл көрсеткіш 2050 жылға қарай 35%-дан 2100 жылы 36%-ға дейін көрініс табуы мүмкін. Өзге аймақтардың тұрғындары сонымен қатар, алдағы онжылдықта үлкен көлемде қартаюға ұшырайды. Сонымен, Латын Америкасында 60 жастан асқан халықтың үлесі ағымдағыдан 2050 жылы 12%-дан 25%-ға дейін артуы мүмкін. Азияда осы уақытта оның үлесі 12%-дан 24%-ға, Солтүстік Америкада - 22%-дан 28%-ға, ал Мұхит аралдарында 17%-дан 23%-ға дейін артқан. Бәрінен бұрын қартаю үдерісі Африкада көрініс тауып отыр, мұнда 2050 жылға қарай 60 жастан жоғары халық саны бар болғаны бүгінгі күнгі 5% салыстырғанда, жалпы санының 9% құрауы мүмкін.
10. 2017 жылмен салыстырғанда күтім бойынша, 60 жастан жоғары адам саны 2050 жылға қарай 2,1 млрд адамға, ал 2100 жылы - үш еселеніп 3,1 млрд адамға дейін жетпек. Аталған жас тобына 65%-ына Азияның, Африканың-14%-ы, Латын Америкасының 11%-ы, қалғаны 10%-ы басқа аймақтардың үлесіне тиеселі болады.
11. 80 жастан жоғары халық саны 2050 жылға қарай үш еселенеді, ал 2100 жылы 2017 жылмен салыстырғанда жеті есеге дейін артатын болады. Әлемдік кеңістікте ағымдағы 137 млн адам 2050 жылға

қарай 425 млн адамға, ал 2100 жылға қарай - 909 млн адамға дейін артатын болады. Қазіргі таңда аталған категорияның 27%-ы Еуропада тұрып жатыр, алайда 2050 жылға қарай оның үлесі 17%-ға дейін құлдырайды, ал 2100 жылға қарай - өзге аймақтардағы халықтың қартаю шеңберінде 10%-ға дейін төмендейді деп күтілуде.

12. Барлық елдерде халық жақын болашақтағы жылдарда қартаятын болса, жалпы ол кем дегенде қазіргі таңдағы жас болып үш аймақта қала бермек. Африкада, мысалға, халықтың 60%-ы 25 жасқа дейінгілер болып есептеледі. Бұл үлесі 2030 жылы 57%-ға және 2050 жылы 50%-ға дейін қысқарады, алайда бәрібір жастардың үлесі жоғары болатыны аңғартады.
13. Африкада халықтың жоғары өсу қарқыны сақталады. 2050 жылға қарай 26 африкалық елдер халқы, күтім бойынша, ағымдағы санымен салыстырғанда еселенеді. Олардың алтауының бірі 2100 жылға қарай бес есе артады. Бұл Ангола, Бурунди, Нигер, Сомали, Танзания және Замбия секілді елдерде болжанып отыр.
14. 2050 жылға дейінгі болжамдарда халық саны 51 елдерде қысқарады. 10 мемлекет үшін халық саны 15%-ға қысқарады, оларға Болгария, Хорватия, Латвия, Литва, Польша, Молдова, Румыния, Сербия, Украина және Виргиния аралдары секілді елдер жататын болады.
15. Күтім бойынша, әлем халқының жалпы өсімінің жартысы 2050 жылға дейінгі кезеңде барлығы 10 мемлекетке сәйкес келеді: Үндістан, Нигерию, Конго, Пәкістан, Эфиопию, Танзанию, АҚШ, Уганду, Индонезия және Мысыр (әлемдік өсім үлес тәртібінде).
16. 2017 жылы болжамдарды қайта қарау нәтижесінде, туу көрсеткіші барлық елдерде құлдырайтыны байқалған. 201 мемлекеттің немесе 90 мыңнан кем дегенде халқы бар мемлекеттер арасында 2017 жылы жоғары туу көрсеткіші бар елдер (әйелдер үшін 5 тен көп) жартысына дейін қысқарды, ғасырдың басында 441-ден 22-ге 2010-2015 жылдардағы көрсеткіштерде байқалды. Ауғанстан мен Шығыс Тимор Африкадан бөлек, әйелдер үшін туу көрсеткіші 5 баладан асып жығылатын бірден-бірден ел. 2005-2010 жылдардағы туу деңгейінің орналасу деңгейінен жоғары 125 мемлекеттің ішінен (әйелдерге 2,1 –ден) 2015 жылы 117 мемлекеттерде туу көрсеткіші құлдырау тапқан.
17. Қазірдің өзінде көптеген мемлекеттер туу деңгейі орналасу деңгейінен төмен құлдырап, және кейбіреулері олардың осы жағдайда бірнеше жылдар бойы күресіп келе жатқандығын аңғартуға болады. Жалпы 83 мемлекет 2010-2015 жылдары осы жағдайда қалған және олардың ішінен 26-сы әйелдер үшін 1,5-нан төмен болған. Кейбір елдерде туу көрсеткіші өткен жылдарда шағын ғана өзгеріске ұшыраған. Сонымен, 59 мемлекет туу

деңгейі орналасу коэффициентінен төмен соңғы бесжылда ғасырдың басындағы шағын ғана өсімділікті байқатты, бірақ 2010-2015 жылдары олардың 21-і ретті қысқаруға ұшырап отырды. Тіпті 4 еуропалық мемлекет 1990 жылдан бастап, орналасу деңгейінен асып жығылатын туу көрсеткішін көрсеткен.

18. 2010-2015 жылдары туу деңгейі орналасу деңгейінен төмен елдер әлем халқының 46 %-ы құрады. Олардың ішіндегі он ірісі - бұл Қытай, АҚШ, Ресей, Жапония, Вьетнам, Германия, Иран, Тайланд және Ұлыбритания (халықтың санының реттілігінде).
19. Ғаламды кеңістікте туу, 2015 жылы 2,5-тен 2,2-ге және ағымдағы жүзжылдықтың соңында 2-ге дейін түсуі мүмкін. Сонымен қатар, 2050 жылға дейінгі туу Еуропада 1,6-дан 1,78-ге дейін, Солтүстік Америкада - 1,85-тен 1,89-ға дейін өсіп отыр. Барлық қалған аймақтарда туу көрсеткішінің 2100 жылы орналасу деңгейіне дейін немесе одан төмен қысқаруы күтілуде. Барлық өзге аймақтарды, 2100 жылы туу көрсеткіші орналасу деңгейіне дейін немесе одан да төмен деңгейге дейін құлдырауы мүмкін.
20. Ерте бала көтеру және туу деңгейі, әлеуметтік жағдайлар мен денсаулыққа кері әсерін тигізу салдарынан, балалар үшін де, ерте бала көтерген аналар үшін де, басым елдерде қысқарып отыр. Бұдан өзге, жасөспірімдік жүктіліктің жоғары деңгейі кейбір елдерде ауқымды түрде жоғары болып отыр. Сонымен, соңғы бес жылда Африкада аталған деңгейдің көрсеткіші (мың әйелге 99 туу соңғы 15-тен 10 жасқа дейін), сонымен қатар Латын Америкасында (мың адамға 67) көрініс тауып отыр. Осыған орай ерте жүктілік саны Латын Америкасында жалпы туудың 16%-ын құрайды.
21. Болжамның қайта қараулары ағымдағы жылы өмір сүру ұзақтығының жақсарғандығын нақтылайды. Әлемдік кеңістікте 2005 жылы ол 65-тен ерлер үшін және әйелдер үшін 69-ға артса, 2015 жылға сәйкесінше 69-дан 73-ке дейін артады деп күтілуде. Алайда аймақтар мен елдер арасындағы ара-қатынастар байқалған. Бір жағынан, өте жоғары деңгейінде болып Аустралия, Гонконг, Исландия, Италия, Япония, Макао, Сингапур, Испания және Швейцария табылып отыр. Екінші жағынан 55 жылдан аз орташа өмір сүру ұзақтығы ОАР, Чад, Кот-д'Ивуар, Нигерию, Сьерра-Леоне, Сомали және Свазилендте күтілуде. Болашақта туу кезіндегі өмір сүру ұзақтығы жалпы 2015 жылы 71-ден 2050 жылға қарай 77-ге дейін және шамамен 2100 жылға қарай 83-ке дейін артады деп топшылануда.
22. Ең шамалы дамыған елдерде 2000 жылдан бастап өмір сүру ұзақтығы шамамен 6 жасқа артқан, ол қалған әлем бөліктерінің ұқсас көрсеткіштерін екі есеге дейін басып озған. Бұдан өзге, бұл мәнділік 2015 жылы 70 жасты құраған, өзге дамушы елдермен

салыстарғанда, анағұрлым аз болып келеді. Осыған орай, ең дамыған және дамушы елдер арасында 2000-2005 жылдарда 11 жастан, 2010-2015 жылдары 8 жасқа дейін қысқарған. Тіпті табыс деңгейі бойынша аймақтар мен топтар арасыдағы өмір сүру деңгейінің әртүрлілігі де байқалған, 2050 жылға қарай олардың қысқаруы күтілуде.

23. Маңызды даму сәби мен бала өлімі деңгейінің төмендеуінен көрінеді (5 жасқа дейінгі). Ғасырдың басынан бастап, ол 163 мемлекетте 20%-ға қысқарған, оның ішінде Африкада –57 мемлекеттің ішінен 47 мемлекетте, Азияда - 51 мемлекеттің ішінен 46-сына, Еуропада - 40-тан 38-ге, Латын Америкасында - 24-тен 38-ге, Мұхит аралдарында - 13-тен 8-ге, аталған кезеңде аталған топтағы өлім-жітім көрсеткіштері 89 мемлекетте 30%-ға дейін, ал ондықта - 50%-ға дейін қысқарған.
24. АҚТҚ/ЖҚТБ індеті қоғамдық денсаулық сақтау, өлім-жітім туызатын негізгі жанайқайына қарамастан, көптеген елдерде алдыңғы онжылдықта шекті деңгейіне жеткен, бұл негізінен антиретровирустық емнің қолжетімділігінің артуынан мүмкін болды. Бұдан бөлек, АҚТҚ жұқтырғандар деңгейі жоғары елдерде, науқастылық деңгейіне, өлім-жітімге және халық санының өсу қарқынының төмендеуінен әндеттің әсері ауқымды болып қалып отыр. Сонымен, Оңтүстік Африкада ауру ең көп таралған деңгейінде, күтілетін өмір сүру ұзақтығы 1990-жылдардан бастап 62-ден 2000-2010 жылдары 53-ке дейін, кейін 2015 жылға қарай 59-ға дейін артқан. 2015-2020 жылдары аталған көрсеткіштің 1990 жылғы көрсеткіш орнына қайта оралуы болжанған, бұл дәйектері бойынша өмір сүру ұзақтығының әлеуетті өсімінің екі онжылдығын жоғалтқаны дегенді білдіреді.
25. Кейбір Шығыс Еуропа мемлекеттері 1980-жылдардың соңында – 1990 жылдардың басында өмір сүру ұзақтығының төмендеуімен тұспа-тұс келді. 2005 жылға қарай бұл көрсеткіш іс жүзінде қалпына келмеді. Бәрінен бұрын, оның орташа мәні ретінде 72 жасы, бұл елдерде Батыс Еуропадағы ұқсас көрсеткіштерден қалыс қалып отыр. 70-тен 71-ге дейінгі көрсеткіштегі Молдова, Ресей және Украина Еуропада ең төменгі тарапта болды.
26. 1990 жылдан бастап бесжылдық интервалмен өмір сүру ұзақтығының қысқаруы 61 мемлекетте болсын өз күйіне енді. Бұл мемлекеттер АҚТҚ/ЖҚТБ індетінен, қақтығыстардан, сондай-ақ, КСРО ыдырауынан зардап шеккендер. Алдыңғы бесжылдықпен салыстырғанда өмір сүру ұзақтығы қысқарған елдер саны, шекті деңгейінен 1990-1995 жылдан 2000-2005 жылдары 39-ға бір-ақ түсті және бар болғаны 2-деңгейіне 2010-2015 жылдары келіп орналасты.

27. Аймақтар арасындағы көші-қон ағыны жоғары болып қала бермек және төмен, орташа табысты елдерден – жоғары табысты елдерге көшу жалғасып отыр. Таза мигранттың ағыны жылына 3,2 млн құраса, өзінің ауқымылығына қарамастан, ол шекті деңгейінен 2005-2010 жылдары 4,5 млн-ға қысқарды. Жоғары табысты елдер және жылына 100 мың адамға тең келетін таза мигранттың ағыны елдерінде, - бұларға АҚШ, Сауд Арабиясы, Канада, Великобритания, Австралия, Оман, Кувейт және Катар (жалпы ағынының азаю тізімінен). Орташадан жоғары табысты елдер арасында, босқындар ең көп шоғыранатын елдер қатарында Ресейді, Оңтүстік Африканы және Малайзияны атап көрсетуге болады. Бұл мемлекеттерде 2010-2015 жылдары сонымен қатар, шамамен жылына 100 мың адам келіп қосылды (босқындарды қоспағанда), Үндістанда, Бангладешті, Қытайды, Пәкістанды, Филиппинды және Испанияны атап көрсетуге болады.
28. Сириядағы босқындар дағдарысы соңғы жылдары халықаралық көші-қон бағытына ауқымды әсерін тигізді және бірнеше елдерді қозғап өтті. Текетірес жылдарында, 2010-2015 жылдары Сирияны 4,2 млн адам тастап кетті. Олардың көпшілігі олармен көршілес елдерді паналады, ол босқындардың ерекше жоғары ағынына алып келді (бес жыл ішіндегі 1,6 млн адам), Ливан (1,25 млн) және Иордания (975 млн).
29. Туу деңгейі орналасу деңгейінен төмен елдер мен аймақтарда, күтім бойынша халық саны, егер туу мен өлім-жітім қалыпты көші-қон сальдосы есебінен жабылмайтын блса, ол қысқаруын жалғастыра береді. Кез-келген жағдайда, халықаралық көші-қон ағымдағы немесе жақын көрсеткіштер төменгі туу деңгейіне байланысты Еуропадағы ерекшеліктеріне орай, күтілетін жоғалулардың орнын толтыра алмауы мүмкін. 2050 жылға дейінгі кезеңде туу кезіндегі өлім санының 57 млн-ға дейін артуы күтілуде, осы уақытта таза мигранттардың ағыны ретінде 32 млн адам күтілуде, ол Еуропа халқының санын шамамен 25 млн-ға дейін қысқаруын болжайды.

Демграфия саласындағы негізгі оқиғалардың жылнамасы

Жыл	Аймақ	Оқиғалар
1960	Әлем	Халық саны 3 млрд адамға дейін артып жылғылады
1962	Азия	Бангладеш Италияны әлемдегі тұрғындары көп 10 елдің қатарынан ығыстырады
1969	Азия	Пәкістан Ұлыбританияны әлемдегі тұрғындары көп 10 елдің қатарынан ығыстырады
1974	Әлем	Халық саны 4 млрд адамға дейін артып жылғылады
1977	Азия	Индонезия РФ –сын әлемдегі тұрғындар саны бойынша қуып жетіп, төртінші орынға жайғасады
1979	Америка	Бразилия Жапонияны тұрғындар саны бойынша қуып жетеді
1981	Қытай	Халық саны 1 млрд адамға дейін артып жылғылады
1982	Әлем	Жыл сайынғы адам өсімі 80 млн ды құрайды
1983	Африка	Нигерия Германияны әлемдегі тұрғындары көп 10 елдің қатарынан ығыстырады
1987	Әлем	Халық саны 5 млрд адамға дейін артып жылғылады
1987	Әлем	Жыл сайынғы адам өсімі 90 млн ды құрайды
1990	Америка	Бразилия Ресей Федерациясын әлемдегі тұрғындары көп 10 елдің бесінші орынына жайғасады
1993	Азия	Әлемдегі халық саны жөнінен Қытай мен Үндістанның үлесі азая түседі
1997	Әлем	Жыл сайынғы адам өсімі 80 млн-ды құрайды
1998	Үндістан	Халық саны 1 млрд адамға дейін жетеді
1999	Әлем	Халық саны 6 млрд адамға дейін артып жығылады
2005	Әлем	Жыл сайынғы адам өсімі 80 млн-нан асып жығылады
2006	Азия	Аймақтағы халық саны 4 млрд адамға дейін жетеді
2009	Африка	Аймақтағы халық саны 1 млрд адамға дейін жетеді
2010	Жапония	Халық санының қысқаруының басталуы
2011	Әлем	Халық саны 7 млрд адамға дейін артып жығылады
2017	Америка	Мексика Жапонияны әлемдегі тұрғындары көп 10 елдің қатарынан ығыстырады
2017	Әлем	Халық санының қысқаруы 28 елде байқалады
2021	Әлем	Жыл сайынғы адам өсімі 80 млн-нан төмен көрсеткіште болады
2023	Әлем	Халық саны 8 млрд адамға дейін артып жығылады
2024	Азия	Үндістан Қытайды халық саны жөнінен қуып жетеді
2027	Еуропа	Халық санының қысқаруының басталуы
2031	Еуропа	Ресей Федерациясы әлемдегі халық саны көп ірі 10 елдің қатарынан шығады
2032	Әлем	Жыл сайынғы адам өсімі 70 млн-нан төмен көрсеткіште болады
2036	Әлем	Халық санының қысқаруы 50 елде байқалады
2037	Әлем	Халық саны 9 млрд адамға дейін артып жылғылады
2037	Қытай	Халық санының қысқаруы байқалады
2037	Африка	Нигерия Индонезияны басып озып, әлемдегі тұрғындары көп елдер арасында төртінші орынға ығыстырады
2038	Африка	Халық саны 2 млрд адамға дейін артады
2042	Әлем	Жыл сайынғы адам өсімі 60 млн-нан төмен көрсеткіште болады
2047	Африка	Нигерия АҚШ-ты әлемдегі тұрғындары көп елдер арасында үшінші орынға жайғастырады

2052	Әлем	Жыл сайынғы адам өсімі 50 млн-нан төмен көрсеткіште болады
2055	Әлем	Халық саны 10 млрд адамға дейін артады
2063	Әлем	Халық санының қысқаруы >100 елде байқалады
2100	Әлем	Жыл сайынғы өсім 10 млн адамға дейін қысқарады